

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің

ХАТТАМАСЫ №18

Күні: 01.07.2024 ж.

Сағат: 09:00

Күн тәртібінде:

1. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің ұйымдастыруымен 17-28 маусым аралығында университетімізді бітірген түлектерімізге арналған Upgrade «Цифрлық оқыту ортасында бастауыш сынып сабақтарындағы геймификация» тақырыбындағы курстың қорытындысы;

Тыңдалды:

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін бітірген түлектерге арналған «Цифрлық оқыту ортасында бастауыш сынып сабақтарындағы геймификация» тақырыбындағы Upgrade курсы өтті. Курс ұзақтығы 80 сағатты құрады. Курсқа 19 тыңдаушы қатысты. Олардың барлығы Атырау облысының әр түрлі мектеп оқытушылары. Курсты Мусина А, Әуелбаева Г, Шармұханбет С, Байтемирова Н, Турмуханова Г өткізді.

Мектепте ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаттының бастысы - мұғалімнің жұмысын жан-жақты жеңілдету болса, ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану оны қызықты, білімді, әсерлі, дербес етеді, сол арқылы балалардың жеке дара оқытуға мүмкіндік береді, сонымен бірге оның басты міндеті қазіргі заман талап ететін оқыту сапасының жаңа деңгейіне шығуға көмектесу болып табылады. Геймификацияны оқу процесін жақсарту үшін ойын принциптерін қолдану жолдарын көрсетті. Сандық құралдар мен технологияларды қолдана отырып, бастауыш мектепке арналған геймификацияланған сабақтар тұжырымдамасын әзірлеу. Оқу процесіне енгізілуі мүмкін әртүрлі ойын механикасы, тапсырмалар және әрекеттер қарастырылды. Курста тыңдаушылар көптеген платформалармен танысты. Олар Joyteka. Jamboard. Umaigra.com. Wardwall. Popplet.com, umapalata.com, jeopardylabs.com, interacty.me, genially, educaplay, canva платформалары арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыруды, белгілі бір жағдайларда оқушылардың оқу жұмысына эмоционалды қатынасын арттыруды, бейнелердің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етуді үйренді.

1-4 сыныптарда «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Математика», «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерінде геймификацияны қолдану

арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдарын меңгерді. Қазақ тілі пәнінде сандық құралдар мен технологияларды қолданып, қазақ тілі пәніне арналған геймификацияланған сабақтар тұжырымдамасын әзірлей отырып, оқу процесіне енгізілуі мүмкін әртүрлі ойын элементтерін, тапсырмаларды және әрекеттерді қарастырды. Әдебиеттік оқу сабақтарында геймификация әдістерін пайдалана отырып, геймификацияланған сабақтарды өз бетінше құрып және алған білімдерін қысқа мерзімді жоспарларға енгізді. Математикалық сабақта 1-2 сынып бойынша алгебра элементтері бөліміне геймификацияны қолдану және 3-4 сынып бойынша мазмұнды есептердің шығару жолдарын геймификация арқылы көрсетілді. Дүниетану пәнінде геймификация элементтерін қолдануды талдап, ақпаратты есте сақтаудың жақсаруы және негізгі дағдыларды дамыты. 4 сыныптар бойынша жаратылыстану пәнінен геймификацияланған ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, цифрлық құралдар мен платформаларды қолдана отырып, эксперимент жүргізудің жолдарын көрсетті

Сонымен қатар тыңдаушылар ҚМЖ бойынша тәжірибелік шағын сабақтарын демонстрациялап көрсетті. Курс сонында тыңдаушыларға 80 сағаттық біліктілікті арттыру Upgrade курсына толық меңгергенің растайтын сертификаттар берілді.

Бірауыздан шешім қабылданды:

1. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін бітірген түлектерге арналған «Цифрлық оқыту ортасында бастауыш сынып сабақтарындағы геймификация» тақырыбындағы Upgrade курстың жұмысы қанағаттандырылғандық деп есептелінсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:

Аманжол *Жарас*

Г.Нұрсұлтанова
А.Медетова